

БЕКІТЕМІН  
ШҚО білім басқармасы  
Өскемен қаласы бойынша  
білім бөлімінің «Ақ бота»  
балабақша-бөбекжайы»  
КМКК директоры

 С.Б.Саирова



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024–2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Тәрбиешілер: Ахмадиева А.Н.  
Мамыржанова Г.М.**

Білім беру ұйымы: «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК

Топ: \_\_\_\_\_ «Ақ қанат» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (шеңберлермен).</b> Б.к. жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау. шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру; иыққа салып, басқа кию; бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау). Б.к. тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау. қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу; бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);. Б.к. жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою. оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою; тіктелу; сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою; бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау). Б.к. аяқты бірге қою, құрсауды екі қолмен ұстау. бір бағытта жеңіл секіру; бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау).<b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p><b>Жүру.</b>Әртүрлі бағытта және шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі бағытта ұстап, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, аяқтың сыртқы қырымен жүру, шағын топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иреленген лента бойымен жүру</p> <p><b>Жүгіру.</b> Аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден,алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура шеңбер бойымен, «жыланша» ирелеңдеп , шашырап жүгіру.</p> <p><b>Тепе - теңдікті сақтау.</b>Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту,бұрылу.</p> <p><b>Лақтыру, домалату, қағып алу:</b> Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес)</p> <p><b>Секіру:</b>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру;</p>

	<p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынеша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу..</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру</b>Сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b>Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу. Қолды артқа апарып шапалақтау; белге қойып оңға-солға иілу; аяқпен топылдату; алға еңкею, қолды аяқтың ұшына жеткізу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>-дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>-сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру,</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>-суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;</p>
Көркем әдебиет	<p>Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді естесактауға</p>
Қазақ тілі	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге, ол сөздерді есте сақтауға жұмыстар жасау;</li> <li>- сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ә, Ө, Қ, Ү дыбыстарын дұрыс айту жолдарын еске түсіру;</li> <li>- тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту жұмыстарын жасау.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- танысу сөздерін еске түсіру;</li> <li>- балалардың балабақша тақырыбына байланысты сөздік қорларын молайту;</li> <li>- өз бөлмесі туралы жаңа сөздермен қаруландыру;</li> <li>- қимыл-әрекеттерді білдіретін қосымша сөздермен қаруландыру;</li> <li>- ойыншық атауларымен таныстыру;</li> <li>- балабақшада жұмыс істейтін қызметкерлерге байланысты жаңа сөздер қатарын беру.</li> </ul>

	<p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сөзден сөз тіркестерін жасап жаттықтыру; қойылған сұрақты түсінуге, қысқаша жауап беруге үйрету;</li> <li>- «Менің» иелік сөзімен сөз тіркестерін</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Өзінің аты-жөнін дұрыс айтуға машықтау;</li> <li>- Қарапайым сұрақтарға жауап беруге бағыт беру;</li> </ul> <p>Ойыншықтарды педагогтің үлгісі бойынша қысқаша сипаттауға үйрету.</p>
Математика негіздері	Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөл іпкөрсету Шама ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.
Қоршаған ортамен танысу	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.
Құрастыру	Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру
Сурет салу	Қарындаштармен сурет салу кезінде саусақтарды қатты баспау, қарындашты көлбеу ұстаңыз, жіңішке сызықты біркелкі, жеңіл қозғалыспен, бір бағытта – алға және артқа жүргізу, контурдан шықпау. Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.
Мүсіндеу	Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу

	Жапсыру	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларынигеру.
	Музыка	Музыка тыңдау. Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту; Әнайту. -әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қимылдар. -би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындауда дағдыларын қалыптастыру; Билер. Ойындар, хороводтар.

**қазан айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қазан	Денешынықтыру	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары</b> (жалаушалармен) Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде Балалар жалаушаларымен оң жаққа бұрылып, "желбіре" дейді; Бастапқы қалып Балалар жалаушаларымен сол жаққа бұрылып, "желбіре" дейді; Бастапқы қалып Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде Қолдарын жоғары көтеріп, жалаушаларымен: "жаса" дейді; Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, жалаушалар тізе үстінде Жерге арқаларынан жатып, жалаушаларын жоғары желбіретіп: Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру. Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе - теңдікті сақтау Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. Жүгіру. Сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. (арақашықтығы 15 см.) Шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Гимнастикалық орындық үстімен жүріп, допты оң, сол жаққа жерге соға, қос қолмен қағып ала жүруді; бір қолмен дорбашаны төменнен шығыршық ішіне лақтыруды үйрету.</p>

	<p>Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық қабырғаның басына дейін сатыларды жібермей өрмелеуді, келесі қабырғаға ауысу және төмен түсуді үйрету.</p> <p>Секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру,</p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Екеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>
Көркемәдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту.</p> <p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
Қазақ тілі	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге, ол сөздерді есте сақтауға үйрету;</li> <li>- Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ә,Ө,Қ,Ү дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;</li> <li>- Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны</li> </ul>

	<p>дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балаларды күз мезгіліне байланысты сөздік қорларын молайту;</li> <li>- Жемістер мен көкөністер атауларының тізбегін қосу;</li> <li>- «Қазақстан» тақырыбына байланысты жаңа сөздер қатарын беру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрлымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жемістер мен көкөністерді жекеше, көпше түрде айтқызып үйрету;</li> <li>- Сөзден сөз тіркестерін құратып жаттықтыру;</li> <li>- Қойылған сұрақты түсінуге және оған қысқаша жауап бере алуға дағдыландыру.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Педагогтің үлгісі бойынша күз мезгілі туралы қысқаша айтуға үйрету;</li> <li>- Күз тақырыбына тақпақ, әндер жаттату;</li> <li>- Отан туралы тақпақ, әндер жаттату;</li> </ul> <p>Отан туралы қысқаша сөйлемдер айтқызып үйрету.</p>
Математика негіздері	<p>Шама</p> <p>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру.</p>
Қоршаған ортаментаныстыру	<p>Заттық әлем:</p> <p>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p> <p>Адамгершілікке баулу</p> <p>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>
Құрастыру	<p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-</p>

		бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
	Сурет салу	Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады); тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).
	Мүсіндеу	Қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу; Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу; пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.
	Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Билер. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау.

**қараша айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	Денешынықтыру	<b>Жалпы дамыту жаттығулары</b> (доптармен) Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолдарын қайшылайды.

		<p>Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).  Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде  Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды.  Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).  Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.  Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.  Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).  Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде  Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.  Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p>Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен жүру (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру.  Тепе - теңдікті сақтау. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.  Домалату, лақтыру, қағып алу. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен еңбектеу, қолдарымен тартылып, алға қарай тартылу. Доғаның астымен (биіктігі 50 см) еңбектеу</p> <p>Секіру. Орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру. аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру,</p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.  .Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа</p>
--	--	---

	<p>және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар Нұсқаушы таңдаған музыкаға таныс физикалық жаттығулар жасайды.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қор.</p> <p>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту.</p> <p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ә,Ө,Қ,Ү дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;</li> <li>- Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту;</li> <li>- Фонетикалық жаттығулар жасау.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Туысқандық атауларға байланысты жаңа сөздер үйрету;</li> <li>- Сандар қатарын көбейту;</li> </ul> <p>Денемүшереліне байланысты жаңа сөздер беру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Дала құстары атауларымен таныстыру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Туыстық атауларын тәуелдік жақта айтып үйрету;</li> <li>- Сан есімдер мен зат есімдерді</li> </ul>

	<p>тіркестіріп сөйлем айтқызып машықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Неше?» сұрау есімдігі арқылы сұрақ құрастырып үйрету;</li> <li>- Зат есімдерді жекеше, көпше түрде айтқызып жаттықтыру.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру;</li> <li>- Педагогтің үлгісі бойынша отбасы туралы сөйлемдер құрап айтуға үйрету;</li> <li>- Сан есімдерді қатыстырып сөйлемдер құратып жаттықтыру;</li> <li>- Құстар туралы тақпақтар жаттату;</li> </ul> <p>Дене мүшелері атауларын күнделікті өмірде қолдануға машықтандыру.</p>
Математика негіздері	<p>Шама</p> <p>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа сөздерімен белгілеу.</p>
Қоршаған ортаментаныстыру	<p>Заттық әлем:</p> <p>Қазақ халықының тұрмыс заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.</p> <p>Еңбекке баулу</p> <p>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p>
Құрастыру	<p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.</p>

Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру; негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу; түстерді өз қалауы бойынша таңдау
Мүсіндеу	Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу; заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу; бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу;
Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.
Музыка	Музыка тыңдау. Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.

**желтоқсан айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
желтоқсан	Денешынықтыру	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары</b> (орамалшалармен) Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде Балалар орамалшалармен беттерін жауып, "тауып ал" дейді; Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалшаларын умаждап: "жуамыз" дейді, Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамалшалар тізе үстінде Жерге арқаларынан жатып, орамалшалармен қолдарын жоғары көтеріп, төмен түсіреміз. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру,</p>

		<p>қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру  Жүгіру. 1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды Міндеті: ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; Тепе - теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу.</p> <p>Домалату, лақтыру, қағып алу. қашықтықтан дорбашаны себетке лақтыруды, қырынан қойылған сатының тақтайшалары арасынан еңбектеп өтуді жаттықтыру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу.</p> <p>Секіру. Кедір-бұдыр тақтай үстімен жүруді; гимнастикалық орындықтан белгіленген орынға биіктіктен секіріп түсуді үйрету</p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Нұсқаушы музыкаға таныс физикалық жаттығулардың әдемі, әсем орындалуын көрсетеді.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шапамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау.</p>
Сөйлеуді дамыту		<p>Сөздік қор.</p> <p>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>

Көркемәдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту.  Кітаптардағы суреттерді өзбетінше, басқа балалармен бірге қарауды үйрету.  Көрген суреттері бойынша өз ойын айтуды қалыптастыру.  Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.</p>
Қазақтілі	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақ тіліне тән Ә,Ө,Қ,Ү,Ұ дыбыстарын дұрыс айтқызып, жаттықтыру;</li> <li>- Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айтуға дағдыландыру;</li> <li>- Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту жұмыстарын жасату.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балаларға қыс мезгілі туралы жаңа сөздер қатарын беру;</li> <li>- «Отан» тақырыбына байланысты жаңа сөздермен қаруландыру;</li> <li>- Жаңа жыл мерекесіне байланысты жаңа сөздер үйрету;</li> <li>- Қысқы ойындарға байланысты жаңа сөздер қатарын беру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Таныс сөздерден сөз тіркестерін өздігінен құрастыра алуға дағдыландыру;</li> <li>- Жаңа жылға қатысты сөздерді жекеше және көпше түрде айтқызып жаттықтыру;</li> <li>- Сан есімдермен зат есімдерден сөз тіркестерін жасатып жаттықтыру.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру;</li> <li>- Жаңа жыл туралы тақпақтар жаттатып үйрету;</li> <li>- Қыс мезгілінің ауа райы туралы жай сөйлем құрап айтуға үйрету.</li> </ul>
Математика негіздері	<p>Геометриялық фигуралар.  Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру</p>

	тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.
Қоршаған ортаментаныстыру	<p>Заттық әлем:          Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.          Көлік, байланыс құралдары          Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.          Менің Отаным - Қазақстан          Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.</p>
Құрастыру	<p>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.          Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Сурет салу	<p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу); қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу; бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру; өз жұмысының нәтижелерін бағалау;</p>
Мүсіндеу	<p>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау); Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану;</p>
Жапсыру	<p>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.          Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Музыка	<p>Музыкалық-ырғақты қимылдар          Би қимылдарын, ойындағы          музыкалық қимылдарды орындауға</p>

		<p>қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Билер Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.</p>
--	--	--

**қаңтар айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қаңтар	Денешынықтыру	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары</b> (орамалшалармен) Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде Балалар орамалшалармен беттерін жауып, "тауып ал" дейді; Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалшаларын умаждап: "жуамыз" дейді, Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамалшалар тізе үстінде Жерге арқаларынан жатып, орамалшалармен қолдарын жоғары көтеріп, төмен түсіреміз. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p>

		<p>Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Жүгіру. Бағытты өзгерте жүгіру, өз орнын тауып жүгіру, заттарды айналып, аттап жүгіру .</p> <p>Лақтыру, домалату, қағып алу: Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан),</p> <p>Тепе - теңдікті сақтау. Бір аяқта тұрып тере-теңдік сақтау.Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тактайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру.</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру;</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. 50 см биіктікке ілінген арқанның астынан еңбектеу, құрсаудан еңбектеп өту.</p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау, балалар қайталайды және өз элементтерін әкеледі.</p> <p>Спорттық жаттығулар:Таза ауада ойналатын қысқы ойындармен таныстыру. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Шанамен сырғанауға жаттықтыру; қарды жұмарлап лақтыруға жаттықтыру;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-к, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,</p>

		<p>артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p>
	Көркемәдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
	Қазақтілі	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақ тіліне тән Қ,Ү,Ұ,І дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;</li> <li>- Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға жұмыстар жасау;</li> <li>- Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Үй жануарлары туралы сөздік қорларын толықтыру;</li> <li>- Үй жануарларының төлдерімен таныстыру;</li> <li>- Үй құстарына байланысты жаңа сөздер тобын беру;</li> <li>- Таныс емес жабайы аңдар атауларымен таныстыру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануға дағдыландыру (сиыр–сиырлар, қой–қойлар, ешкі–ешкілер, жылқы-жылқылар, бұзау-бұзаулар т.б);</li> <li>- «қандай?» сұрау есімдігіне қысқаша жауап беруге үйрету;</li> <li>- Жабайы аңдар әрекеті арқылы зат есіммен етістіктерді тіркестіріп айтқызып жаттықтыру.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қарапайым сұрақтарға жауап беруге</li> </ul>

	<p>дағдыландыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жануарлармен төлдері туралы тақпақтар жаттау;</li> <li>- Жабайы аңдарға байланысты ертегілерді қазақша айтқызып үйрету;</li> </ul> <p>Үйренген сөздер тізбегін күнделікті өмірде қолдануға дағдыландыру.</p>
Математика негіздері	<p>Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p>Геометриялық фигуралар.</p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Еңбекке баулу</p> <p>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.</p> <p>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p> <p>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі</p> <p>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p>
Құрастыру	<p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Сурет салу	<p>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды</p>

	араластырып, кляксография, жіппен) қолдану; жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде); қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу; ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру;
Мүсіндеу	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеу кезінде үзніп алу, қысу, тарту, басу, созу, домалату әдістерін қолдану.
Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Музыка	Музыкалық-ырғақты қимылдар Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Билер Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау.

**ақпан айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ақпан	Денешынықтыру	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары:</b> Б.қ.: «Тик-так» Аяқтары алшақ, қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту, «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау)</p> <p>Б. Қ.: «Иықтың жүруі» Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /6 рет қайталау/</p> <p>Б. Қ.: «Ағаштар тербеледі» аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу. /6 рет қайталау/</p> <p>Б.қ.: «Күнге жетемін» Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау. (10-15 секунд)</p> <p>Б.қ.: «Араның ұшуын бақылау» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Мойынды оңнан солға қарай, солдан оңға қарай айналдыру. «з-з-з» деп айту/6 рет қайталау/</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p><b>Жүру.</b> Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру;</p> <p><b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту <b>Домалату, лақтыру, қағып алу</b> (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы</p>

		<p>бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту</p> <p><b>Секіру.</b> 2 аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру,</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.</p>
Сөйлеуді дамыту		<p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p>
Көркемәдебиет		<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
Қазақтілі		<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге, ол сөздерді есте сақтауға үйрету;</li> <li>- Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ү, Ұ, Ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;</li> <li>- Аталған дыбысқа байланысты сөздер қатарын беріп, дұрыс айтуға жаттықтыру.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Киім атауларының тізбегін қосу;</li> <li>- Ұлттық киім атауларына байланысты жаңа сөздермен таныстыру;</li> </ul>

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- азық-түлікке байланысты жаңа сөздер үйрету;</li> <li>- сусындарға байланысты жаңа сөздер қатарын беру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> тағам атауларын жекеше, көпше түрде айтқызып үйрету;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сусын атаулары көпше түрде айтылмайтынын ескерту;</li> <li>- сөздерді байланыстырып сөз тіркесін құрастыруға дағдыландыру (зат есіммен сын есім, зат есіммен сан есім, зат есім мен етістік).</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> -киім атауларын күнделікті өмірде қолдануға дағдалындыру; -азық-түліктермен сусындар атауларына байланысты сөйлемдерді күнделікті өмірде орынды пайдалануға үйрету; -ас мәзірін айтқызып үйрету; ұлттық киімдерді сипаттап айтуға үйрету.</p>
	Математика негіздері	<p>Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Еңбекке баулу Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Өсімдіктер әлемі Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау,</p>

	өсімдік бөліктерін тану.
Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Сурет салу	Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту; түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау
Мүсіндеу	Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу; композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу;
Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Музыка	Музыкалық-ырғақты қимылдар Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Билер Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.

**наурыз айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
\наурыз	Денешынықтыру	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары</b> (сылдырмақтармен)</p> <p>Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолдарымен сылдырлатады.</p> <p>Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.</p> <p>Бастапқы қалып Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады</p> <p>Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында. Аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.</p> <p>Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p><b>Негізгі қимылдар: Жүру.</b> Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты</p>

		<p>және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p><b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> 10 м.етрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу. Құрсаудан еңбектеп өту.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру;</p> <p><b>Секіру.</b> Гимнастикалық орындық үстімен әр қадам сайын текшені қолдан-қолға ауыстыра жүруді, жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.</p>
Сөйлеуді дамыту		<p>Сөздік қор.</p> <p>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану,</p>

		<p>ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.</p>
	<p>Көркемәдебиет</p>	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту.  Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.  Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
	<p>Қазақтілі</p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету;</li> <li>- сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ү, Ұ, І, Ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;</li> <li>- тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ыдыс-аяқ атауларына байланысты жаңа сөздер үйрету;</li> <li>- көктем жыл мезгіліне байланысты сөздер қатарын көбейту;</li> <li>- «Наурыз» мерекесіне байланысты жаңа сөздермен таныстыру;</li> <li>- Ұлттық тағамдарға байланысты жаңа сөздер қатарын беру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Көктемге байланысты сөз тіркестерін, сөйлемдерді күнделікті өмірде орынды пайдалануға дағдыландыру;</li> <li>- Көктем кезіндегі ауа райына байланысты сөйлемдер құрауға дағдыландыру;</li> <li>- Ұлттық тағамдар атауын жекеше, көпше түрде айтқызып үйрету.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- берілген сөз тіркестерін сөйлем құрауда орынды қолдануға үйрету;</li> <li>- рөлдік ойындар кезінде бір-біріне сұрақ-жауапты дұрыс айтуға үйрету;</li> <li>- көктем, Наурыз тақырыптарына тақпақ, ән жаттату.</li> </ul>

Математика негіздері	<p>Шама</p> <p>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа сөздерімен белгілеу.</p>
Қоршаған ортаментаныстыру	<p>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Жануарлар әлемі</p> <p>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</p> <p>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p>
Құрастыру	<p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.</p>
Сурет салу	<p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту; өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту; Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу; парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату; тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу;</p>
Мүсіндеу	<p>Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру; жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау;</p>

	Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.
	Музыка	<p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау</p> <p>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p> <p>Билер</p> <p>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p> <p>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру.</p> <p>«Қамажай» биін үйрету.</p>

**сәуір айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
сәуір	Денешынықтыру	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (заттарсыз)</b></p> <p>Бастапқы қалып - аяқтары иық деңгейінде, қолдары кеуде тұсында, шынтақтары бүгілген, саусақтары жұдырыққа түйілген. Осы күйінде қолдарын айналдыру. Қолдарын кезек айналдырады.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтары сәл ашылған, қолдары артқа қарай жіберілген.</p> <p>Отырып, қолдарымен тізесін құшақтау, тұру, қолдарын артқа жіберу және т.с.с.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтарын ашып отыру, қолдарын жанға жіберу.</p> <p>артқа жіберілген. Еңкейіп, аяқтарының ұштарына қолдарын тигізу, тік тұру, қолдарды артқа қарай жіберу, қайтадан алғашқы қалыпқа келу.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтарын тік түзеп отыру, қолдарын артқа тіреу.</p> <p>Оң аяқты көтеру, түсіру.</p> <p>Сол аяқты көтеру түсіру.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтарын қосу, қолдарын беліне қою.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p><b>Жүру.</b> Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p><b>Тепе - теңдікті сақтау</b> Сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып басқа қапшық қойып заттардан аттап өту.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір</p>

		<p>жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура шеңбер бойымен, «жыланша» ирелеңдеп, шашырап жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Допты қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан) Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан).</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Гимнастикалыққабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.</p> <p><b>Секіру</b> Гимнастикалық орындық үстінде етпетінен жатып, қолымен тартыла жылжу; биіктіктен белгіленген орынға секіріп түсу.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сөйлеу: Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету. Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.</p>

Көркем әдебиет	Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру. Сюжетті эмоционалды қабылдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауды дағдыландыру.
Қазақ тілі	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <p>-қазақ тіліне тән Ү,Ұ,І,Ғ дыбыстарын дұрыс айтуды қадағалау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- аталған дыбыстарға байланысты сөздер тізбегін айтып жаттықтыру;</li> <li>- қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге, ол сөздерді есте сақтауға үйрету;</li> <li>- тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- түстер қатарын қосу;</li> <li>- сыпайы сөздердің қосымша қатарын беру;</li> <li>- кеңістікті бағдарлау сөздер қорын көбейту;</li> <li>- таныс емес көлік атауларымен таныстыру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- зат есімдерге түс атауын қосып сөз тіркесін жасап, жаттықтыру (зат есім+сын есім );</li> <li>- сыпайы сөздерді айтқызып үйрету (кешір-кешіріңіз);</li> <li>- кеңістікті бағдарлау сөздерін етістіктермен байланыстыра сөз тіркесін құрап үйрету (алға жүр. артқа қара);</li> <li>- көлік атауларын жекеше, көпше түрде айтқызып үйрету.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- түс атауларына байланысты тақпақтар жаттату;</li> <li>- кеңістікті бағдарлау сөздерімен етістікті жалғап айтып үйрету (алға жүр. артқа секір);</li> <li>- диалог құрауда сыпайы сөздерді қатыстырып айтуға үйрету;</li> <li>- сыпайы сөздерді күнделікті өмірде қолдануға дағдыландыру;</li> <li>- көліктерге байланысты тақпақтар жаттату.</li> </ul>
Математика негіздері	Уақытты бағдарлау.

	<p>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p> <p>«Көп», «Бір» ұғымдарын ажыратып, жаңаны тануға ұмтылу, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге ындаландыру.</p> <p>Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту.</p> <p>қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету.</p>
Қоршаған ортаментаныстыру	<p>Адамгершілікке баулу</p> <p>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу</p> <p>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p>
Құрастыру	<p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>
Сурет салу	<p>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру; Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру; Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау;</p> <p>Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу; бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу;</p>
Мүсіндеу	<p>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру; сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу; композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу;</p>

	<p>Жапсыру</p>	<p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау). Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p>
	<p>Музыка</p>	<p>Музыкалық-ырғақты қимылдар Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Билер Өуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p>

**мамыр айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
мамыр	Денешынықтыру	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары</b> Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдарын төмен түсіріп тұру. "Міне, біз қандай биікпіз!",- деп қолдарын жоғары көтеру, отыру және қолдарын тізесіне қою. "Міне, біз қандай кішкентаймыз!",- деп, бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: қолдарын артқа тіреліп, аяқтарын біріктіріп, алға созып отыру. Аяқтарын бүгу, тізесін өзіне қарай тарту және аяқтарын созу. Бастапқы қалып: қолдарын иектеріне қойып, етпегімен жату. Қолдарын алға созу, нұсқаушыға көрсету және алақандарын артқа қойып, "балық" болып жүзеді. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдарын еркін төмен түсіріп тұру. Орындарында "торғайша" секіреді. үйлестіру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> <b>Жүру</b> Әртүрлі бағытта және шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі бағытта ұстап, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, аяқтың сыртқы қырымен жүру, шағын топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иреленген лента бойымен жүру қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру. <b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Шектеулі зат үстімен жүрген кезде тепе-теңдік сақтауға, адымдап, аяқ ұшымен жүруге; шығыршықтан-шығыршыққа екі аяқпен секіруге үйрету.</p>

		<p><b>Жүгіру.</b> Сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. (арақашықтығы 15 см.) Шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату.</p> <p><b>Секіру.</b> Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Жайдары жаздың ойындары".</p> <p>балаларда қатарға үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру.</p>
Сөйлеуді дамыту		<p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.</p> <p>Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету.</p> <p>Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Көркем әдебиет		<p>Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.</p> <p>Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру.</p> <p>Сюжетті эмоционалды қабылдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту.</p> <p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауды дағдыландыру.</p>

		Өткенді қайталау.
	Қазақ тілі	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету;</li> <li>- сөз ішіндегі қазақ тіліне тән І,Ғ,Ү,Ұ дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру;</li> <li>- тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ұлттық ойындар туралы жаңа сөздер қатарын беру;</li> <li>- батырлық, батылдық туралы жаңа сөздер үйрету;</li> <li>- өсімдік атауларымен таныстыру;</li> <li>- жаз мезгіліне байланысты жаңа сөздер тобын беру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Бұл кім?», «Бұл не?», «Қандай түсті?», «Қандай пішінді?», «Қанша?» сұрақтарына қысқаша жауап беруге машықтау;</li> <li>- Қойылған сұрақты түсінуге және сөздерді байланыстырып құрастыру дағдыларын шыңдау;</li> <li>- Сөйлем құрау барысында сөздердің жалғауларын орынды жалғап айтуға машықтау.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ұлттық ойындар атауын дұрыс айтып шартын қазақша түсініп, айта алуға жаттықтыру;</li> <li>- Отан қорғау, батырлық туралы тақпақтар жаттау;</li> </ul> <p>Жаз жыл мезгіліне байланысты сөйлемдерді күнделікті өмірде орынды пайдалануға жаттықтыру; өсімдіктерге байланысты тақпақтар жаттату.</p>
	Математика негіздері	<p>Уақытты бағдарлау.  Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.  «Көп», «Бір» ұғымдарын ажыратып, жаңаны тануға ұмтылу, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге</p>

	<p>ындаландыру.</p> <p>Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту.</p> <p>қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Қоршаған ортаментаныстыру	<p>Адамгершілікке баулу</p> <p>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу</p> <p>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Құрастыру	<p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Сурет салу	<p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу; балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру;</p>
Мүсіндеу	<p>Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру; ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау; жұмысты</p>

	ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау;
Жапсыру	<p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).</p> <p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Музыка	<p>Ән айту</p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (рес-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.</p> <p>Билер</p> <p>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру.</p> <p>«Қамажай» биін үйрету.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>